

Алматы қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Алматы қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 13 сәуірдегі № 2/232 қаулысы. Алматы қаласының Әділет департаментінде 2015 жылғы 27 сәуірде № 1158 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 10 ақпандағы № 1/48 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы қаласы әкімдігінің 10.02.2016 № 1/48 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», 2013 жылғы 15 сәуірдегі «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Заңдарына сәйкес, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алматы қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларына келесі өзгерістер енгізілсін:

1) Алматы қаласы әкімдігінің «Алматы қаласында көрсетілетін мал шаруашылығы саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы» 2014 жылғы 21 мамырдағы № 2/379 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 1061 болып тіркелген, «Алматы ақшамы» және «Вечерний Алматы» газеттерінде 2014 жылғы 24 маусымда жарияланған) қаулысының:

1 тармағындағы: аталған қаулымен бекітілген регламенттердегі: «кәсіпкерлік, индустриалды-инновациялық даму және» сөздері алынып тасталсын;

2) Алматы қаласы әкімдігінің «Алматы қаласында көрсетілетін «Тұқымның сапасына сараптама жасау жөніндегі зертханаларды аттестаттау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы» 2014 жылғы 4 тамыздағы № 3/646 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 1081 болып тіркелген, «Алматы ақшамы» және «Вечерний Алматы» газеттерінде 2014 жылғы 11 қыркүйекте жарияланған): аталған қаулымен бекітілген регламенттегі: «кәсіпкерлік, индустриалды-инновациялық даму және» сөздері алынып тасталсын;

3) Алматы қаласы әкімдігінің «Алматы қаласында өсімдік шаруашылығы және ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы» 2014 жылғы 24 қарашадағы № 4/962 қаулысына (

нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 1112 болып тіркелген, «Алматы ақшамы» және «Вечерний Алматы» газеттерінде 2014 жылғы 30 желтоқсанда жарияланған):

1 тармақтағы: аталған қаулымен бекітілген регламенттердегі: «кәсіпкерлік, индустриалды-инновациялық даму және» сөздері алынып тасталсын;

аталған қаулымен бекітілген «Тыңайтқыштар (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) құнын субсидиялау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіндегі:

мәтіннің 8 тармағына өзгеріс енгізіледі, орыс тілінде «работниками» сөзі «работниками» сөзіне ауыстырылсын, қазақ тіліндегі мәтін өзгертілмейді;

аталған қаулымен бекітілген «Элиталық тұқымдарды субсидиялау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіндегі:

мәтіннің 8 тармағына өзгеріс енгізіледі, орыс тілінде «работниками» сөзі «работниками» сөзіне ауыстырылсын, қазақ тіліндегі мәтін өзгертілмейді.

2. Алматы қаласы Ауыл шаруашылығы басқармасы осы қаулыны интернет-ресурста орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары Е. Шормановқа жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алматы қаласының әкімі

А. Есімов